



# «Менің Отаным – Қазақстан!»

Қазақ бауырмалдығы туралы сыр шерткен кітап жарық көрді

**Талғат СҮЙІНБАЙ,**  
«Егемен Қазақстан»

«Біздің көп ұлтты Отанымыз – ғарыш айлағы дерсің. Мен оны арқашан да зор тебіреніспен айтып та, жазып та келемін...»

Айтулы ақын, Қазақстанның Еңбек Ері Олжас Сүлейменовтің осынау ғибратты сөзімен алғашқы парағын ашқан бұл кітап – «Менің Отаным – Қазақстан» деп аталады. Қазақ, өзбек және орыс тілінде көркем жазылып, әсем тысталған, түрлі-түсті суреттермен әшекейленіп, бар әуезімен шыққан кітаптың авторы – Қазақстан халқы Ассамблеясының Өзбек этномәдени бірлестігінің төрағасы Абдолла Нематуллаев. Автордың арқалы ақын Олжастың аңызға бергісіз айқын сөзін кіріспе етіп атуының өңінде де зор мән жатқан секілді. Ойткені, Абдолла кітабында қазақ бауырмалдығы шығарманың негізгі өзегіне айналғанын оның парақтарын ақтара отырып көз жеткізесіз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының алғаш отау тіккен күнінен бастап Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығына дейінгі аралық кезең тарихи қызықты деректер мен фотосуреттер, қызықты шежірелер кезегімен, ретімен бейнебір кинотаспадағыдай тартылып сыр шертеді.

Қаламгер Абдолла Нематуллаев өзінің бұл әдеби шығармасында Қазақстандағы өзбек этномәдени бірлестігінің іс-қимыл әрекеттерін кең ауқымда баяндай келіп, Тәуелсіз Қазақстанның 25 жыл ішінде жүріп өткен дәуірлі даңғылына жан-жақты тоқталады, сараптай отырып сырлы оймен баға береді. Автордың ел тарихы, оның экономикалық ілгерілеу адымдары жөнінен мағлұматының молдығына сүйсінесін, ізденімпаздығына көңілді тола таңданасын.

Қазақстандағы алғашқы



дәуірлік кезеңнен бастап, Алаш қозғалысы, ашаршылық, Екінші дүниежүзілік соғыс туралы нақты да танымдық деректер оқырманын еш бейжай қалдырмайды. Төртінші бөлім толықтай Қазақстанның Тәуелсіздігі жылдарына арнаса, бесінші бөлім Қазақстан халқы

Ассамблеясына, оның ішінде Қазақстандағы өзбек этномәдени бірлестігінің уақыт кезеңіндегі іс-қызметіне, қоғамдағы белсенділігіне арналады.

Үш тілде тең басып тайнала сөз жорғалатқан, ұлттық мүдде мен қазақ бауырмашылдығын қарасөзбен жырлаған Абдолла Нематуллаевтың құнды еңбегі сонысымен де барша оқырмандарының жүрегін жылытары даусыз.

**АЛМАТЫ**